



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

«Кентөбе»  
кенішінің  
келешегі кемел



3-бет

Арқа аграрларының  
әлеуеті зор



6-бет

Ұлт мәдениетінің  
мәйегі



8-бет

• ФОРУМ

## Еріктілер елеулі күшке айналды

Қарағанды облысында еріктілер қозғалысын дамытуға және Халықаралық еріктілер жылына арналған форум өтті. Аталған форумды Қарағанды облысының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы мен Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Шара өңірдегі еріктілер қозғалысының маңызын арттырып, белсенді жастардың басын қосқан маңызды алаңға айналды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумның алғашқы күні пленарлық секциямен басталып, одан кейін түрлі бағыттағы сессиялар ұйымдастырылды. Онда экологиялық акциялар, іздеу-құтқару жұмыстары, әлеуметтік көмек көрсету және мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау бағытындағы жобалар талқыланды. Қатысушылар еріктілер қозғалысын дамытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Форумның басты мақсаты қоғамдағы ерікті жастар қызметінің ролін арттыру, жастарды әлеуметтік маңызды бар бастамаларға тарту және еріктілер қозғалысының дамуына серпін беру болды. Шараға белсенді азаматтар, еріктілер ұйымдарының өкілдері, жастар ұйымдарының мүшелері, қоғамдық бірлестіктер мен әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып жүрген бастамашы топтар қатысты. Бұл кездесу ортақ мақсат жолында еңбек етіп жүрген адамдардың тәжірибе алмасуына, жаңа идеялармен бөлісуіне мүмкіндік берді.

Форум барысында қоғамдағы еріктіліктің орны, оның әлеуметтік мәселелерді шешудегі маңызы, жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырудағы ролі кеңінен қозғалды. Сонымен қатар, еріктілер қозғалысының даму бағыттары, жаңа жобалар мен бастамаларды жүзеге асыру жолдары сөз болды.

Форумда сөз сөйлеген аймақ басшы-



сы Ермағанбет Бөлекпаев еріктілердің қоғамдағы орны туралы атап өтті:

— Құрметті форумға қатысушылар, еріктілер! Біздің өңірімізде 4 мыңға жуық ерікті бар екені айтылды. Бір сәт ойла-

нып көрейікші: егер осы 4 мың еріктінің әрқайсысы бір адамға көмек көрсетсе, бір күннің ішінде 4 мың адамға жақсылық жасалады. Ал, егер бұл игі іс бір жыл бойы жалғасса, онда тұтас қоғам өзгереді.

Өйткені бір адам көмектесе, екіншісі одан үлгі алады. Оған үшіншісі қосылады. Осылайша жақсылық жасайтын адамдардың қатары көбейе береді. Міне, еріктіліктің шынайы күші — осы.

Бүгінде аға буын өкілдері жастар туралы: «Телефоннан бас алмайды, қоғам өміріне араласпайды» деген пікір айтып жатады.

► 2-бет

• 14 НАУРЫЗ – КӨРІСУ КҮНІ

## Құс қанатындағы мейірім

Ғасырлар ғажайыбы деп бағамдарлық жыл құрғатпай андағайлап келетін бір күні – 14 наурыз Көрісу күні де бүгін қақпамызды қақты. Нышаны – нәшті де нақышты. Бағзыдан бермен қарай құс қанатының сусылымен жеткен әуез Наурыз мейрамының басы дегенге саяды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алға тартқан наурыззнама онкүндігінің сүйіншілі сырғалғысы.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Амал келгенде амандық білісу – көне заманнан жалғасқан айрықша дәстүріміз. Қыстан шығып, шуақты көктемге аман жеткен ағайын осы күні бір-бірімен көріседі. Жастар үлкендерге сәлем беріп, қариялардың батасын алады. Халқымыз ежелден осындай ғұрыптар арқылы бауырмалдық пен жанашырлықты, татулық пен мейірімділікті дәріптеп, ұрпақтың бойына асыл қасиеттерді сіңіре білген. Мұның бәрі қазіргі Қазақстанның «Адал азамат» тұжырымдамасымен толық үндеседі. Бүгінде Наурыз мейрамы алдындағы көрісу ғұрпы қайта жаңғырып, жалпыұлттық сипат ала бастады. Осы бірегей дәстүріміз еліміздің ырысты ынтымағы мен берекелі бірлігін нығайта түседі деп сенемін, — деген Президент сөзі санамызға мөрдей қатталды.

Әлбетте, қыр халқының осынау мүбәрәк күннен алатын еншісі мол. Мұның сырлы себебі, ертемен тұрған ауыл халқының үлкендерге арнайы барып сәлемдесуі. Көрші-көлем қауқылдасып, «Жасыңа жас қосылсын, басыңа бас қосылсын!» деп риясыз ризалық айтысатын кез. Арада арагдік тұнып қалған араздық болса, албарынан әрі асырып, ізгі ниеттің ізашарын паш етерлік шапағатты шақ. Иә, қыс қатал қамытынан сәл де болсын босансып, келер күнінен үмітін еш үзбеген әр қазақ үшін мереке басының тәтті де, дәтті бастауы кімкімді болсын бейжай қалдырмасы анықты.

Кешегі керез кенестік күндер ұмытырғысы келген ата-салтымыз салтанат тағына қайта қонды. Жанданған жаңа күніміз енді ешқашан ұмытылмаса екен дейміз. Өйткені, сартап болған алты ай қыстан мал-жаным есендікпен алып шыққан дала перзенті былайғы сағынысқан елмен



құшағын айқастыра қауышу сәтінің өзі бір ғанибет! Біз бен сізді өлтірмейтін де осы сырлы сағыныш сезімі болса керек.

Амал келді. Көктемнің алғашқы демі жетті. Дала тынысы кеңіп, көңілдің көгі-

не бір жылы шуақ қонғандай. Кеше ғана боран борап тұрғандай еді, бүгін сол боранның орнын адам жүрегіндегі жылылық басты.

► 8-бет

• РЕСМИ

## Қоғамдық көлік тегін

15 наурызда өтетін референдум күні Қарағанды қаласында қоғамдық көлікте жол жүру тегін болады. Бұл күні қалалық және қала маңындағы барлық автобус бағыттары жексенбі күнінің кестесі бойынша жұмыс істейді. Мұндай шешім тұрғындардың дауыс беру учаскелеріне еркін барып, азаматтық таңдауын жасауына қолайлы жағдай жасау мақсатында қабылданған.

Сонымен қатар, референдум күні қоғамдық көлікпен тегін жүру мүмкіндігі Қарағанды облысының бірқатар қалалары мен елді мекендерінде де қарастырылған. Атап айтқанда, Абай, Балқаш, Қарқаралы, Саран, Приозерск, Теміртау және Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Нұра мен Ботақара кенттерінде автобустар тегін қызмет көрсетеді.

Айта кету керек, референдум – маңызды қоғамдық-саяси оқиға. Мұндай күндері әр азаматтың дауысы мемлекет болашағына әсер ететін маңызды шешімдердің қабылдануына ықпал етеді. Сондықтан, жергілікті билік тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударып отыр.

16 наурыздан бастап, қоғамдық көлік қозғалысы қайтадан қалыпты режимде жұмыс істейтін болады.

Өз тілшімізден

• РУХАНИ МҰРА

## Жаңа форматтағы дәуір тынысы

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі күрделі жөндеуден кейін қала тұрғындары мен қонақтары үшін есігін айқара ашты. Жаңа экспозицияның таныстырылымы салтанатты түрде өтіп, оған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстық басқарма басшылары, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің өкілдері, Ұлттық музей және облыстық музей басшылары, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық-зерттеу университетінің ғалымдары, танымал қоғам қайраткерлері қатысты. Іс-шара Қарағанды облысының 90 жылдық мерейтойына орайластырылды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Музейдің жаңартылған экспозицияларын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жоғары бағалады.

— Кез келген халық тарихын қадірлейді. Тарих — ұлттың өткенін түгендеп, құндылықтарын айшықтайтын аса маңызды сала. Сол себепті де, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің заман талабына сай жаңаруына күш салдық. Жаңарту жұмыстарына көңілім толды. Тарихты қастерлеген әр азаматтың игілігі үшін қызмет етеді деп сенемін. Алдағы уақытта музей қорының құнды жәдігерлермен толығына қолдау көрсетеміз, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіне 2011 жылы күрделі жөндеу жасалыпты. 15 жылдан кейін қайта жаңғырған музей ісіне едәуір өзгерістер енген. Анығырақ айтсақ, тарихты сақтауға және насихаттауға заман талабына сай технологияларды жұмылдыруға қажеттілік туындаған. Бұл күрделі жөндеу жұмысы 2024 жылы басталып, жаңғырту жұмыстарына 400 млн теңгеден астам қаражат жұмсалған. Музей директорының орынбасары Мөлдір Болат жаңарту кезінде цифрландыруға, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануға басымдық берілгенін айтты.

— Экспозицияларды жаңарту жұмыстарының басты мақсаты — экспозициялардың мазмұнын байыту. Сонымен қатар, заман көшінен қалыспау да негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Өздеріңізге белгілі, бүкіл әлем қазір цифрлық, соның ішінде жасанды интеллект дәуіріне қамтамасыз жетіп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект» жылы деп жариялаған еді. Осыған орай, музей жұмысының 80%-ы цифрландырылды. Жасанды интеллект экскурсия жүргізетін жаңа алаңдар пайда болды, — деді Мөлдір Болат.

Музей экспозицияларының көші динозаврлар дәуірімен басталады. Мұнда интерактивті такта орнатылған. Тактада жасанды интеллектті жасаған динозаврлар туралы шағын деректі фильмді тама-



шалай аласыз. Сақ пен гүн замандары да жасанды интеллектпен жаңғыртылған. Тарихи тұлғалардың да көнерген суреттері жаңартылған. Бейне бір соңғы үлгідегі фото құрылғымен түсіргендей әсер береді. Көне музыкалық аспаптардың үні де арнайы тактадан естуге болады. Мәселен, жетігеннің суретін саусағыңызбен басып қалсаңыз болды, күй ойнайды. Тіпті, күй туралы шағын ақпарат та көз

алдыңызға шыға келеді. Бұл технология музейдің әр шаршы метрін үнеммен пайдалануға мүмкіндік береді.

Музейге келіп, Абылай ханның кеңешісі болған әулие Бұқар жыраудың батысын аласыз. Жасанды интеллект Бұқар жырау бабамыздың суретіне жан бітірген.

Музей экспозициясы 13 залдан тұрады және өңір тарихын көшпелі империялар дәуірінен бастап, Қазақстан Респуб-

ликасының Тәуелсіздік кезеңіне дейінгі уақытты қамтиды. Экспозицияда археологиялық олжаларға, қола және ерте темір дәуірі жәдігерлеріне, қазақ халқының материалдық мәдениетіне, сондай-ақ, Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының қалыптасу тарихына айрықша назар аударылған.

Қарағандының мақтанышына айналған Геннадий Головкин және Серік Сәпиев секілді былғары қолғап шеберлері секілді спорт майталмандарына да бұрыш берілген.

Жалпы музей қорында 154 мыңнан астам жәдігер бар екен. Қазір жәдігерге бұрынғыдай ұзын-сонар мәтін жазылып, анықтамасы үшін қағаз шығындалмайды. Бір ғана интерактивті такта жүздеген жәдігер туралы ақпарат береді.

Музей экспозицияларының заман талабына сай жаңарту өңірдегі туризмнің де әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік береді дейді мамандар.

— Кейінгі жылдары музейге келетін шетелдік туристердің легі көбейді. Олардың қатарында Орта Азия тарихын зерттеп жүрген ғалымдар да бар. Жаңартқан экспозициялар музейге келушілер санының артуына ықпал ететіні анық. Мұндағы экскурсия жүргізетін мамандардың барлығы үш тілде еркін сөйлейді, — деді Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Мөлдір Болат.

Музейдің жұмысы жаңа жәдігерлермен толыққан сайын жанданады. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде Шет ауданы аумағындағы Талды қорымдарынан табылған жәдігерлер көбеюде.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Еріктілер елеулі күшке айналды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ, мен бұл оймен келіспеймін. Су тасқыны болса, алғашқы болып келетін еріктілер. Жалғызбасты қарияларға көмек керек болса, тағы да еріктілер көмектеседі. Жоғалған адамды іздеу қажет болса, күні-түні тынымсыз іздеп табатын да — еріктілер. Дана халқымыз: «Азаматтық жасай алмаған адам — бұл өмірге келмеген адаммен бірдей» деп бекер айтпаған. Яғни, адам тек жеке басының қамын ойлап, ешкімге жақсылық жасамай, қоғамға пайда келтірмей, артында із қалдырмай өмір сүрсе, ондай өмірдің мәні жоқ. Бүгінгі күннің нағыз батырлары — еріктілер. Өйткені, өзінен бұрын өзгені ойлап, мұқтаж жанға көмек қолын созу — үлкен ерлік, — деді аймақ басшысы.

Іс-шара барысында облыстың үздік еріктілер ұйымдары марапатталды. Жетімпаздар еріктілік қызметтің түрлі бағыттарын қамтитын он номинация бойынша анықталды. Ағартушылық бағыттағы «Зерде» номинациясында академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Biz Vagmuз ұйымы марапатталды. Медициналық еріктілікті дамытуға қосқан үлесі үшін «Жұлдыз» ұйымына «Қамқорлық көзі» сыйлығы табысты.

Қайырымдылық жобалары үшін «Ақиет» ұйымы «Қамқор жүрек» номинациясына ие болды. Спорттық еріктілікті дамытқаны үшін VolteQ ұйымы «Энергия» номинациясында жетімпаз атанды. Тарихи-мәдени мұраны насихаттаған «Ассамблея жастары» ұйымы «Баға жетпес мұра» марапатын алды. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсеткені үшін Қазақстан Қызыл Жарты Ай қоғамының Қарағанды облыстық филиалы, жанұрларды қорғау бағытындағы қызметі үшін ZooHelp, корпоративтік еріктілік жобалары үшін KemelKeleshek, құқықтық көмек көрсеткені үшін «Жүректен жүрекке», ал табиғатты қорғауға қосқан үлесі үшін Теміртаудағы «Шаңырақ» еріктілер ұйымы марапатталды.

Форум аясында қатысушыларға арнайы мәдени бағдарлама да ұсынылды. Қонақтарға мерекелік перформанс пен музыкалық қойылымдар ұйымдастырылды. Форумның хэдлинерлері — танымал қазақстандық әнші Айқын Төлепберген және жарқын орындаушы БАҒАНСҰЛУ өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қарағандыда өткен еріктілер форумы өңір жастары үшін маңызды кездесу алаңына айналып, белсенді азаматтарды біріктірді. Мұндай шаралар жастардың жауапкершілігін арттырып, қоғамдағы игі істердің көбейуіне және еріктілер қозғалысының одан әрі дамуына өз үлесін қосты.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• 16 НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ

## Адамгершіліктің айнасы

Бұл күн адамдарды мейірімділік пен жанашырлыққа үндеп, мұқтаж жандарға қолдау көрсетудің маңызын еске салады. Қоғамда жақсылық жасау, бір-біріне көмектесу және қайырымдылық шараларын ұйымдастыру арқылы адамгершілік құндылықтар кеңінен насихатталады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде қайырымдылық түрлі бағытта жүзеге асуда. Волонтерлік ұйымдар мен қоғамдық қорлар әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға және қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсетіп келеді. Азық-түлік, киім-кешек тарату, қаржылай қолдау көрсету, түрлі акциялар мен игі бастамаларды ұйымдастыру — қайырымдылықтың жарқын көрінісі.

Бүгінде өңірде қайырымдылық пен волонтерлік қозғалыс қарқынды дамып келеді. Жастар ресурстық орталықтары жанынан ашылған 14 еріктілер фронт-офисі жұмыс істейді. Сонымен қатар, аймақта 75 еріктілер бірлестігі ұйымы мен 4 000-ға жуық ерікті белсенді қызмет атқарып, түрлі әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырып келеді.

Мұндай шараларға жастардың белсенді қатысуы ерекше қуантады. Еріктілер



қоғамдағы мәселелерге бейжай қарамай, өз уақытын өзгелерге көмектесуге арнап жүр. Тек материалдық көмек көрсетіп қана қоймай, адамдарға үміт сыйлап, қоғамдағы мейірімділік пен жанашырлықтың артуына үлес қосады.

— Қайырымдылық пен волонтерлік — қоғамның адамгершілік деңгейін көрсететін маңызды құндылықтар. Мұндай бастамалар адамдарды бір-біріне бейжай қарамауға, қиын жағдайда қалған жандарға қолдау көрсетуге үйретеді. Қайырымдылық қоғамда мейірімділік, жау-

апкершілік және өзара көмек мәдениеті қалыптасады.

Бүгінде біз сияқты жастардың қайырымдылық шараларына қатысуы маңызды. Себебі жастар — қоғамның қозғаушы күші. Егер жас буын мейірімділік пен жанашырлық құндылықтарын бойына сіңірсе, болашақта қоғам да соған сай қалыптасады. Жастардың белсенділігі жаңа идеялар мен бастамалардың пайда болуына жол ашады. Қайырымдылық күні сияқты бастамалар адамдарды жақсылық жасауға ынталандырады. Мұндай күндер

қоғамның назарын әлеуметтік мәселелерге аударып, адамдарды ортақ мақсатқа біріктіреді. Кейде бір кішкентай игі іс басқа адамдарға да үлгі болып, үлкен қозғалысқа айналуы мүмкін. Осы бағытта біздің қор да белсенді жұмыс атқарады яғни біз азық-түлік жинап, емге қаражат жетпей жүрген жандарға қаржылай көмек көрсетуге атсалысып келеміз, — деді «Koktem» Қайырымдылық қорының құрылтайшысы Аяулым Ерлан.

Қайырымдылық шарасы аясында көмек алған тұрғын ұйымдастырушы-

ларға ризашылығын білдірді:

— Осындай қайырымдылық көмекті алу біз үшін үлкен қолдау болды. Қазіргі уақытта тұрмыстық қиындықтар кездесіп жатады, ал, осындай кезде жанашыр жандардың көмегі ерекше сезіледі. Азық-түлік себеті біздің отбасымызға үлкен жеңілдік әкелді. Қайырымдылық жасап жүрген барлық азаматтарға алғысыз шексіз. Осындай игі істер қоғамда мейірімділік пен бірліктің бар екенін көрсетеді, — деді Айгүл Төлеутаева.

Биылғы Наурыздағы Қайырымдылық күні рамазан айына тұспа-тұс келіп тұр. Осы орайда аймақта қайырымдылық акциялары белсенді жүзеге асуда. Қарағанды қаласындағы «Төлеутай ата» мешітінің имамы Рауан Төлеубекұлының ұйымдастыруымен «Бір күнде бір мұқтажға көмек» атты қайырымдылық акциясы жалғасын тауып, қоғам игілігі үшін еңбек етіп жүрген көше тазалықшыларына азық-түлік себеттері таратылды.

Қайырымдылық — тек бір күндік шара емес, ол — өмір салты. Әр адам қолынан келгенше жақсылық жасап, өзгеге қолдау білдірсе, қоғамда ізгілік пен адамгершілік құндылықтары арта түседі. Сондықтан, қайырымдылық күні — жүректерге жылулық сыйлап, адамдарды жақсылық жасауға шақыратын ерекше күн.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# «Кентөбе» кенішінің келешегі кемел

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керектігіне баса мән берді. Атаулы салада оңір тұрғысынан таразылағанда жетістік аз емес. «Кентөбе» кен орны – Qatmet компаниясының Темір кені департаментіне қарасты басымдығы жоғары нысандардың бірі. Қазіргі уақытта мұнда темір кені ашық тәсілмен өндіріледі. Жылдық көлемі шамамен 750 мың тонна. Биыл көшелі көрсеткішті 850 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр. Тереңірек тоқталып өтелік...



Erkanat KECESEBEKULY, «Ortalyq Qazaqstan»

Иә, «Кентөбе» – ел экономикасының жаңа тынысын айқындайтын маңызды өндірістік алаңдардың бірі. Қарағанды өңірінің өндірістік әлеуетін арттырып, металлургия саласының дамуына серпін беретін соны жоба алдағы жылдары өзінің нақты нәтижесін көрсетпек. Кеніштің кенересі кеңейген сайын, өндіріс көлемі ұлғайып, жаңа технологиялар енгізіліп, еңбек адамдарының мүмкіндігі арта түспек. Ең бастысы, мұндай бастамалар Мемлекет басшысы айқындаған индустриялық саясаттың нақты көрінісіне айналуға. Шикізат қоры мол Қазақстан үшін оны тиімді игеру ғана емес, одан жоғары қосылған құны бар өнім өндіру – уақыт талабы. «Кентөбе» кенішінің дамуы да дәл осы мақсатқа қызмет етеді.

Бұл салада біраз жетістікке жеттік. Былтыр өңдеу өнеркәсібі тұрақты дамып, 6,4 пайызға өсті. Бірақ, өңделген тауар экспорты 2,7 пайызға төмендеді. Бұған жалпы экспорттың 4,2 пайызға азайғаны да әсер етті. Өнеркәсіп саясатының басты кемшіліктері дәл осы тұста анық байқалды. Бұл салада шикізат өндірушілердің үлесі әлі де басым. Бірақ, бұл оларға келергі жасауға болады деген сөз емес, керісінше, оларға көмегімізді әлдеқайда күшейтуіміз қажет. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібіне баса назар аудару керек. Өңдеу өнеркәсібіндегі өнімнің 40 пайыздан астамы металлургияға тиесілі. Ал, металлургия секторында экспортқа шығарылатын тауардың жартысынан көбі – төмен деңгейде өңделген өнімдер. Соның салдарынан, шикізатты сыртқа шығарамыз да, одан жасалған дайын өнімді басқа елдерден сатып аламыз. Парадокс. Мұндай тәжірибені доғару керек, – деп баса белгіледі Президент.

Компанияның шикізат базасын нығайтуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия аясында «Кентөбе» кен орнын кешенді түрде дамыту, болашақта жерасты тәсіліне кезең-кезеңімен көшу туралы маңызды шешім қабылданды. Баянды бастама тек өндіріс көлемін ұлғайтуға ғана емес, сонымен қатар, кен орнын игерудің тиімділігін арттыруға, ресурстық әлеуетін толыққанды

пайдалануға мүмкіндік беретін стратегиялық кадам болып саналады. Жоталы жобаны жүзеге асыру нәтижесінде «Кентөбе» кенішінің барланған қоры мен өндірістік мүмкіндіктері едәуір кеңейіп, кен өндіру жұмыстары жаңа деңгейге көтеріледі. Жерасты тәсіліне көшу арқылы кеннің терең қабаттарында жатқан қосымша қорларды игеру мүмкіндігі еселеп артып, өндіріс тұрақтылығы ұзақ жылдарға қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде өндіріс тау-кен саласындағы технологиялық жаңаруына жол ашып, заманауи өндірістік әдістерді енгізуге серпін береді. Жобаның жүзеге асуы металлургиялық комбинаттың тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін сенімді шикізат базасын қалыптастыруға септеседі. Нақты нәтижесінде кәсіпорынның өндірістік қуаты артып, болашақта металлургия саласында жоғары қосылған құны бар өнім шығаруға қажетті негіз нығая түседі.

Мамандар пайымынша, жерасты тәсілімен игеруге қолжетімді темір кені қоры 100 миллион тоннадан асады. Бұл – қазіргі ашық карьерлік әдіспен өндіріліп жатқан көлеммен салыстырғанда бірнеше есе жоғары көрсеткіш. Мұндай ауқымды қор кен орнын ұзақ мерзімді әрі тұрақты өнеркәсіптік игеруге берік негіз қалайды. Кәнігі сарапшылар пікірінше, жерасты тәсіліне көшу кеннің терең қабаттарында жатқан бай қорларды тиімді пайдалануға мол мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде өндіріс көлемін біртіндеп арттырып қана қоймай, кен орнын игеру мерзімін ондаған жылдарға ұзарту көзделіп отыр. Бұдан бөлек, жерасты әдісін енгізу тау-кен өндірісінде жаңа технологиялар мен заманауи инженерлік шешімдерді қолдануға жол ашады. Соңыра кен өндірудің тиімділігі артып, өндірістік процестердің қауіпсіздігі күшейеді. Осылайша, 100 миллион тоннадан асатын әлеуетті қор «Кентөбе» кенішінің болашағын айқындап қана қоймай, өндіріс тау-кен және металлургия саласының ұзақ мерзімді дамуына тың серпін бермек.

Жерасты кенішінің құрылысын 2028 жылы бастау жоспарланып отыр. Межеленген жұмыс-

Бұл салада шикізат өндірушілердің үлесі әлі де басым. Бірақ, бұл оларға келергі жасауға болады деген сөз емес, керісінше, оларға көмегімізді әлдеқайда күшейтуіміз қажет. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібіне баса назар аудару керек. Өңдеу өнеркәсібіндегі өнімнің 40 пайыздан астамы металлургияға тиесілі. Ал, металлургия секторында экспортқа шығарылатын тауардың жартысынан көбі – төмен деңгейде өңделген өнімдер. Соның салдарынан, шикізатты сыртқа шығарамыз да, одан жасалған дайын өнімді басқа елдерден сатып аламыз. Парадокс. Мұндай тәжірибені доғару керек – деп баса белгіледі Президент.

тар аясында кен орнын игерудің жаңа инфрақұрылымы қалыптастырылып, заманауи тау-кен технологиялары енгізілмек. Жобалық сөйкес, қазіргі қолданыстағы карьер болашақ жерасты кенішінің технологиялық схемасының ажырамас бөлігі ретінде пайдаланылмақ. Яғни, карьер тек ашық тәсілмен өндіру алаңы ретінде ғана емес, жерасты өндірісінің логистикалық және инженерлік жүйесіне қызмет ететін маңызды өндірістік нысанға айналады. Бұл тәсіл құрылыс шығындарын онтайландырып, кен өндірудің тиімділігін арттырмақ. Сонымен бірге, қолданыстағы өндірістік инфрақұрылымды пайдалану жоба мерзімін қысқартып, жаңа жерасты кешенін кезең-кезеңімен іске қосуға жол ашады. Нәтижесінде «Кентөбе» кен орны ұзақ мерзімді игеруге бейімделген, технологиялық тұрғыдан жаңартылған тау-кен өндірісіне айналып, өндіріс металлургия саласын тұрақты шикізатпен қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды бар нысан ретінде дами түспек.

Компания басшылығы кен орнын дамыту және жерасты өндіру тәсіліне көшу туралы шешім қабылдады. Жобаны жүзеге асыру ресурстық базаны айтарлықтай кеңейтіп, металлургиялық өндіріс үшін темір кенін тұрақты жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жоба кәсіпорында еңбек ететін Қарағайлы кенті мен Қарқаралы ауданының жақын маңдағы елді мекендері тұрғындарының жұмыспен қамтылуына, өндіріс өндірістік әлеуетін одан әрі дамытуға ықпал етеді, – дейді «Кентөбе» кен орнының директоры Марлен Рысбеков.

Жобаны іске асыру барысында компания инженерлерінің бұрын «Батыс Қаражал» кен

орнында қалыптасқан табысты өндірістік тәжірибесі кеңінен пайдаланылмақ. Аталған кен орнында жылдық жобалық қуаты 2,5 миллион тонна болатын марганец кенін өндіру жүйесі іске қосылып, заманауи тау-кен технологияларын тиімді қолданудың үлгісі қалыптасты. Тенгерімді тәжірибе өндіріс барысын ұйымдастыру, кен игеру әдістерін жетілдіру және қауіпсіздік стандарттарын сақтау тұрғысынан жоғары нәтижесін көрсеткені баршаға аян. Сол себепті, «Батыс Қаражал» кенішінің жинақталған инженерлік шешімдер мен өндірістік басқару тәсілдері «Кентөбе» кенішіне жинақталған инженерлік шешімдер мен өндірістік басқару тәсілдері «Кентөбе» жобасын дамыту барысында негізгі тірек тәжірибе ретінде қарастырылып отыр. Атап айтқанда, кен қабаттарын тиімді игеру, өндірістік инфрақұрылымды дұрыс жоспарлау және заманауи техникалық жабдықтарды енгізу бағытындағы тәжірибе жаңа жобаға серпін бермек. Ал, кен орындарын игеру барысында жинақталған кәсіби білім мен технологиялық тәжірибе «Кентөбедегі» өндірісті тиімді ұйымдастыруға ұйытқы болмақ. Жетелі жоба іске қосылған кезде кен өндіру жұмыстары жоғары өнімділікпен жүргізіліп, өндіріс үдерістері халықаралық стандарттарға сай дамиды. Бұл өз кезегінде кен орнын игерудің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді, өндіріс тау-кен және металлургия саласының дамуына жаңа серпін бермек.

«Кентөбе» кен орнын дамыту – Qatmet компаниясының Темір кені департаменті жаңғыртуға бағытталған кешенді әрі ауқымды бағдарламаның маңызды бөлігі. Бағдарлы бастама өндірістік қуатты арттырумен қатар, тау-кен саласындағы технологиялық жаңғыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ, кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуіне жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған. Бағдарлама аясында кен орындарын игеру әдістерін жетілдіру, өндірістік инфрақұрылымды жаңарту, заманауи техника мен цифрлық басқару жүйелерін енгізу көзделген. Мұндай өміршең өзгерістер еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, өндірістік қауіпсіздікті күшейтуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға септеседі. Тегінде Темір кені департаментін дамытуға бағытталған жалпы инвестиция көлемі 400 миллион доллардан асады. Қомағай қаржы жаңа өндірістік жобаларды іске асыруға, кен орындарын кеңейтуге, әрі қолданыстағы нысандарды жаңғыртуға жұмсалмақ. Есесіне Qatmet компаниясының шикізат базасы нығайып, металлургиялық өндірісті ұзақ мерзім бойы тұрақты қамтамасыз ететін қуатты индус-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

триалық негіз қалыптасады. Жаңа учаскелерді игеру, кен өндірудің заманауи технологияларын кезең-кезеңімен енгізу, шикізат базасын кеңейту – өндірістің тұрақты әрі ұзақ мерзімді өсуін қамтамасыз ететін маңызды факторлар. Мұндай жүйелі қадамдар кен өндіру саласының тиімділігін арттырып қана қоймай, металлургиялық кешеннің толыққанды әрі тұрақты жұмыс істеуіне берік негіз қалыптастырады. Өндірістік үдеріс атаулысын жаңғырту, жоғары өнімді техникаларды пайдалану, геологиялық әлеуетті тиімді игеру барысында металлургиялық кәсіпорындардың шикізатпен қамтамасыз етілуі нығая түседі. Демек, өндіріс көлемін арттыруға, жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге және жоғары қосылған құны бар өнім өндіру мүмкіндігі артады деген сөз бұл.

Түптеп келгенде, мұндай бастамалар Қазақстанның тау-кен металлургия саласының бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, индустриялық дамудың жаңа кезеңіне көкжиек ашады. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен заманауи өндірістік тәсілдерді үйлестіре отырып, ел экономикасының маңызды тіректерінің бірі саналатын аталған сала алдағы уақытта да тұрақты өсім мен технологиялық жаңғырудың басты драйверлерінің бірі бола бермек.

Шикізат экспорттағаннан гөрі, одан дайын өнім өндіріп, сыртқа шығару әлдеқайда пайдалы. Әрине, бұл оңай міндет емес. Бірақ, үлгілі кәсіпорындар бар, мысалы, Qatmet. Қанша қиындыққа тап болса да, ондағы өндірістік және әлеуметтік процестерде оң өзгерістер орын алып жатыр. Бұл мәселеде «артық қылам деп, тыртық қылуға да» болмайды. Өңдеу саласын дамытамыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкіметтің саясаты ақыла қамтамасыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкіметтің саясаты ақыла қамтамасыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкіметтің саясаты ақыла қамтамасыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек. Үкіметтің саясаты ақыла қамтамасыз деп, шикізат өндіру ісіне зиян келтірмеу жағын ойлау керек.

«Кентөбе» – тек кен орны емес, Қазақстанның индустриялық дамуының символы, өңір экономикасының жаңа тынысын айқындайтын стратегиялық нысан. Мұнда жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар – кен орындарын кеңейту, жерасты тәсіліне кезең-кезеңімен көшу, заманауи технологияларды енгізу – өндірістің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін нақты қадамдар болып табылады. Кеніштің дамуы тек өндіріс көлемін арттырумен шектелмей, металлургиялық кешеннің тиімділігін нығайтуға, шикізат базасын тұрақты қамтамасыз етуге және өндіріс еңбек әлеуетін кеңейту әрдайым маңызды. Жиналған тәжірибе мен инновациялық шешімдер өндірістің сапасын арттырып, қауіпсіздік пен тиімділікті жаңа дәрежеге көтереді. Және жоба Қарағанды өңірінде жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, өндірістік инфрақұрылымның жаңаруына және ел экономикасының жалпы өрлеуіне қомақты үлес қосады. Парадоксалды жағдайда шикізатты экспорттау мен дайын өнім өндіру арасындағы тепе-теңдікті іздейтін Қазақстан үшін үлгілі мысал ретінде атаулы кеніштің бұғып жатқан игілігі көптігіне көз жетіп тұр. Мұнда біртұтас стратегия мен заманауи технологиялардың үйлесімі елдің тау-кен металлургия саласын халықаралық стандарттарға жеткізіп, индустриялық өрлеудің тұрақты негізін қалайды. Болашақта сеніммен қарағанда, «Кентөбе» тек Қарағандының ғана емес, мұқым елдің өндірістік қуатын арттыратын, экономикаға нақты пайда әкелетін, инновациялық даму жолын айқындайтын нысан ретінде тарихта қалмақ. Ендеше XXI ғасырдың бір парасатты жобасы парықты болсын деген тілек қосамыз біз де!

Суреттер Qatmet компаниясының баспасөз қызметінен

• ЛОГИСТИКА

## Сенімді серіктестік кепілі

Металлургия және көмір өндіру салалары үшін теміржол логистикасы – өндірістік циклдің ажырамас бөлігі. Qatmet компаниясы мен ұлттық теміржол операторы – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өнеркәсіптік өнімдерді тұрақты әрі сенімді тасымалдауды қамтамасыз ету бағытындағы бірлескен жұмыстарын сәтті жалғастырып келеді. Сондықтан, компаниялар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл саланың тұрақты жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады.



Өткен жыл қорытындысы бойынша Qatmet кәсіпорнында шамамен 3,8 млн тонна болат, 3,5 млн тонна темір рудасы концентраты және 7,5 млн тонна көмір өндірілді. Мұндай көлемдер тасымалдаудың нақты ұйымдастырылған жүйесін әрі маршруттың барлық кезеңдерінде, соның ішінде, халықаралық және шекаралық бағыттарда, жүк тасымалын үйлестіріп жоспарлауды талап етеді.

Qatmet «Қазақстан темір жолымен» бірлесіп тасымалдау процесінің тұрақтылығын және дайын өнімнің түрлі бағыттар бойынша уақытылы жеткізілуін қамтамасыз етеді. Логистикалық тізбектегі барлық қатысушылардың үйлесімі жұмысының арқасында 2025 жылы компания айына 300 мың тоннаға дейін өнім жөнелту бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Біз ҚТЖ-мен ынтымақтастықты одан әрі дамытып, көлік ағындарының тұрақтылығын және логистиканың тиімділігін қамтамасыз етуді жалғастырамыз, – деді Qatmet компаниясының логистика жөніндегі директоры Вячеслав Миронов.

Қос компания көлік жүйесінің тұрақтылығын қолдау бағытында да тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Жекелеген бағыттарда уақытша шектеулер туындаған жағдайда жүк ағымдарын басқарудың арнайы режимдері қолданылады. Бұл кешігулердің болмауына, нарықтың барлық қатысушылары үшін тасымалдың болжамдылығын сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл өндірістің процестегі түзеулерді азайтып, келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, теміржол желісінің инфрақұрылымы да қарқынды дамып келеді. Іске асып жатқан жобалар негізгі көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыруға бағытталған. Бұл өнеркәсіптік өндірістің өсуіне және экспорттық жеткізілімдерді кеңейтуге қосымша мүмкіндіктер ашады.

Qatmet тасымалдау үдерісін одан әрі цифрландыру және жүк жөнелту жоспарларын келісудің ашық тетіктерін дамыту бағытын қолдайды. ҚТЖ-мен бірлескен жұмыс көлік логистикасының тиімділігін арттырып, жеткізілімдердің тұрақтылығын нығайтуға Қазақстанның металлургия кешенінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Өз тілшімізден

Сурет Qatmet компаниясының баспасөз қызметінен



# Зиянсыз есірткі болмайды

Өмір – адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес сый. Бірақ, сол сыйды бір сәттік ессіз қызық пен «онай ақша» үшін құрбан етуге даяр жастардың көбейгені жаңа батады. Қатерлі қауіп – қазір көзге көрінбейтін басқа кейіпке енді. «Есірткі» деген соқыр тұманның ішіне қалай кіріп кеткенін сезбей қалған өрімдей жастың тағдыры бүкіл қоғамның қасіреті емей немене? Әсіресе, онай табысқа алданған жастардың есірткі тасымалы сияқты зансыз әрекеттерге тартылуы қоғамды алаңдатып отыр. Бүгінгі сараптамамызда осы тақырыпты кенінен таразылап көрелік...

Магжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Шырмауық шырғалаңы

Бүгінгі таңда студенттердің басты проблемасы – қаржылық тәуелсіздікке ұмтылу екені әмбебап. Бірақ, «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүріп, тез байып кеткісі келетіндер үшін есірткі бизнесінің әккі алаяқтары қауіпті тұзақ құрып қойған. Жалға берілетін пәтер ақысы, күнделікті ішіп-жем мен киім-кешек – осының бәріне ақша іздеген жасөспірім ұялы телефонынан: «Күніне 20-30 мың теңге табыс, жұмыс уақыты еркін, тәжірибе қажет емес» деген тартымды жарнаманы көреді. Міне, китүркі ойын осы жерден басталады.

Бұл арам бизнестің тізгінін ұстағандар көбіне шетелде із жасырып отыр. Олар үшін сарыауыз студент – небәрі «шығыс материалы». Олар жастарды Telegram арқылы басқарып, «курьер» немесе «кладчик» (тауарды жасырушы) қылып жұмысқа алады. Ең сорақысы, бұл «жұмыс берушілер» ешқашан бет-жүзін көрсетпейді, тек геолокация арқылы нұсқау береді.

Көшеде кезбе болып, ағаштардың дінгегін, тастың түбін, тіпті, ескі ғимараттардың маңында жер қопарып жүрген беймәлім жандарды көрген боларсыз. Бұл – сол жарнамаға алданған, өз тағдырын өз қолымен өртеп жүрген бейбақтар. Олар геолокация арқылы деректі жіберіп, өздері қашып кетуге тырысады. Әйткенмен, заңның құрығы ұзын екенін білмейді. Өкінішке қарай, полиция құрықтағанда зертхана нелері емес, көбіне осындай «аңғал шабармандар» ұсталады. Бұл – шырмауыққа шырмалған тағдырлардың қасіреті. Олар ақша табамыз деп, өз өмірлерін сатқанын әсте білмейді.

## Құрықталған қылмыс

Есірткімен күрес – тек көшедегі тәртіпті күзету деп емес, ұлттық қауіпсіздік жолындағы үздіксіз



майдан деп ұғынуымыз керек. Қарағанды облысы осы майданның алдыңғы шебінде тұр десек, асылық айтқандық емес. Өңірдегі ахуалды жіті бақылап отырған Қарағанды облысының полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Данияр Жақудаевтың айтуынша, есірткі нарығының сипаты түбегейлі өзгерген.

– Қазіргі таңда біз тек «көше саудагерлерімен» емес, жоғары технологиялық қылмыстық желілермен де тоқтаусыз күресудеміз. Өткен жылы біз облыс аумағында жасырын жұмыс істеп тұрған 5 есірткі зертханасын анықтап, қызметін тоқтаттық. Мұнымен майдан шебі түгесілмейді. Кәсіби жабықталған, ірі көлемде есірткі өндіруге қауқарлы зертханалардың әлі бірнешеуі бары анықталды. Сонымен қатар, 3 ұйымдасқан қылмыстық топтың жолы кесіліп, олардың мүшелері жауапкершілікке тартылды, – дейді Данияр Әбілкасымұлы.

Шынында да, подполковник келтірген деректері кез келген жанды сескендірері анық. Соңғы жылдары өңірде есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар саны азайғанымен, мәселенің өзектілігі әлі де жоғары. Мәселен, 2024 жылы облыс аумағында есірткі саудасына байланысты 377 құқық бұзушылық тіркелсе, былтыр бұл көрсеткіш 203 дерекке дейін төмендеген. Оның ішінде 120

қылмыс, 83-і өкімшілік сипаттағы теріс қылық ретінде тіркелген. Ал, биылғы жылдың алғашқы айларында 64 дерек анықталып, оның 37-сі қылмыстық іс ретінде тіркелді.

Жүргізілген жедел шаралардың нәтижесінде өткен жылы заңсыз айналымнан 1 тонна 38 келі 480 грамм есірткі заттары тәркіленді. Оның ішінде ең қауіптісі – синтетикалық есірткі. Мамандардың айтуынша, 595 келі 250 грамма синтетикалық заттың тәркіленуі – бұл бағыттағы күрестің қаншалықты ауқымды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, марихуана, гашиш және карасора секілді дәстүрлі есірткі түрлері де анықталған.

Ал, осы жылдың басынан бері 518 келі есірткі тәркіленген, оның басым бөлігін тағы да синтетикалық заттар құрап отыр. Бұдан бөлек, есірткі дайындауға арналған 1 тонна 775 келі 167 грамм прекурсордың қолға түсуі өңірде жасырын жұмыс істеген зертханалардың ауқымын аңғартады.

Қарағанды облысы бұл бағыттағы күресте республика бойынша алдыңғы қатарда келеді. Былтыр өңірде 5 есірткі зертханасы жойылса, биылдың алғашқы үш айында тағы 4 зертхана анықталған. Оның екеуі синтетикалық есірткі дайындайтын өндіріс болса, қалған екеуі үй жағдайында марихуана өсіруге арналған фитозертханалар.

Есірткі саудасына тартылған

дардың қатарында жастар да аз емес. Өткен жылы осы қылмыс түріне байланысты 49 адам ұсталған, олардың ішінде зертхана ұйымдастырған 9 адам және есірткі сақтаған 6 адам бар. Өкінішке қарай, өткен жылы 8 кәмелетке толмаған жасөспірім де жауапқа тартылып, олардың екеуі 6,5 жылға бас бостандығынан айырылған. Ал, биылғы жылдың басынан бері 8 адам құрықталғанымен, әзірге жасөспірімдер арасында мұндай дерек тіркелмеген.

Құқық қорғау органдары интернет кеңістігіндегі зансыз жарнамалармен де күресті күшейтіп отыр. Былтыр есірткі жарнама-сына қатысты 1095 сайт бұғатталып, «Антифрод» жүйесі арқылы 1105 күмәнді сілтеме жойылған. Биылғы жылдың өзінде 258 сайтты бұғаттау туралы ұсыныс беріліп, 136 күмәнді шот пен сілтеме анықталған.

Маманның пікірінше, есірткі саудасының желдей есуіне интернет пен әлеуметтік желілердегі жалған жарнамалар тікелей әсер етіп отыр.

– Жастар көбіне «тез әрі онай ақша табу» иллюзиясына алданады. Бірақ, олар сол «жеңіл ақшаның» артында өмір бойы өкініретіндей ауыр қылмыстық жауапкершілік тұрғанын сезбейді. Біздің басты мақсатымыз да сол – жастарды құрықтау емес, оларды осы қақпаннан арашалап қалу, – деп түйіндеді Данияр Әбілкасымұлы.

Бұл бағыттағы жұмыстар тек жазалаумен шектелмесе керек. Департамент дерегіне жүгісек, өткен жылы облыста 15 мыңнан астам профилактикалық шара өткізіліп, онда 186 мың адам қамтылған. Нәтижесінде, кәмелетке толмағандар арасындағы есірткі қылмысының 11-ден 8-ге дейін азайғаны да көңілге сенім ұялатады.

## Мидағы «мина»

Егер есірткімен күресті майдан десек, оның ең қанды шайқасы адамның санасында жүріп жатыр. Синтетикалық есірткі – бұл жай ғана химиялық зат емес, жаппай тілмен айтқанда, бұл – мидың жүйесін біржола істен шығаратын «бағдарлама».

– Синтетикалық есірткіні тұтынушының миына кез келген сәтте жарылуы мүмкін мина орнатылғандай болады. Жан түршігерлігі – ол мина қашан және қандай жағдайда іске қосылатынын ешкім білмейді. Бір рет қана «қызық үшін» шегіп көрген қалыңның немесе бір түйір таблетканың әсерінен адамның психикасы түбегейлі өзгеріп, кері қайтпайтын құмарлық құбылыстар пайда болуы мүмкін, – дейді психолог-нарколог Думан Нұрланұлы.

Нақты өмірлік мысалдарға тоқталсақ, жағдайдың қаншалықты мүшкіл екенін аңғару қиынға соқпайды. Есірткі тұтынушының санасында шындық пен қиялдың шекарасы жойылады.

– Адам дауыстар ести бастайды. Ол дауыстар оған бұйрық береді, мазасын алады, «сені аңдып жүр, анау адам саған қауіп төндіреді» деп сендіреді. Тіпті, «сенің қанатың бар, сен ұша аласың, терезеден секір де, биіктікті бағындыр» деп өлімге итермелеуі мүмкін. Бұллайша айтқанда, адам санасын бақылауда ұстай алмайды, – дейді Думан Нұрланұлы.

Бір қарағанда, сабағын жақсы оқитын, тәрбиелі көрінетін студенттің кенеттен ашушаң болып, бөлмесіне тығылып, ешкіммен сөйлеспей қалуы – алғашқы белгі. Көбіне жастар «ешкімге сыр білдірмеймін, өзім-ақ қоя салам» деп жүріп, батпаққа қалай батқанын сезбей қалады. Соңында миындағы сол «мина» жарылғанда, оны құтқаруға медицина да дәрменсіз болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, синтетикалық есірткіні бір-екі рет қолданған адамның жүйесі мүлдем жұқарып, бойында шектен тыс агрессия пайда болады. Тәнін емес, жаның дерті. Қастерлі халқымыздың «еншілеп алған аруудың емі болмайды» делуінің де сыры осында: физикалық тәуелділікті емдеу мүмкін шығар, бірақ, талқандалған психиканы, шіріген ми жасушаларын қайта қалпына келтіру – адам баласының қолынан келмейтін іс.

## Насихаттан – нәтижеге

Бүгінде нашакорлықпен күрестің форматы түбегейлі өзгерді. Қабырғаға плакат іліп қоятын заман келмесе кеткен. Тәртіп сақшылары мен мамандары жастардың тілінде сөйлеуді, олардың назарын қалай аударуды меңгеріп келеді.

Данияр Әбілкасымұлының айтуынша, профилактикалық іс-шаралардың ішінде жастарға ең қатты әсер ететіні – кинологтар мен арнайы дайындалған иттердің қатысуымен өтетін көрсетілімдер.

– Қазіргі жас буын ақпаратты экран арқылы қабылдайды. Сондықтан, жастар арасында трендке айналған «Шекер» сериалдары немесе соған ұқсас әлеуметтік туындылардың маңызы зор. Онда есірткі тасымалдаушының «жылтырақ өмірі» емес, оның соңындағы қорқыныш, темір тор мен талқандалған тағдыр ашық һәм анық көрсетіледі, – деп сөзін сабақтады ол.

Көбіне тәртіп сақшылары қолданып жүрген «бейне-интервью» әдісі – жойқын соққы іспетті. Темір тордың арғы жағында отырған, өздерімен қатарлас, кеше ғана студент болған жігіттердің өкінішке толы сұхбаттары кез келген дәрістен әлдеқайда өтімді. «Мен де сендер сияқты онай ақша тапқым келген, бірақ қазір 10 жылымды жоғалттым...» деген сөз санасында саналуы бар жастың жүрегіне жетпей қоймаса керек.

Профилактиканың тағы бір тиімді жолы – жастардың бос уақытын пайдалы істермен толтыру. Облыс көлемінде өтетін спорттық турнирлер, спартакиадалар тек жалаулы жарыс емес, бұл – салауатты субкультураны қалыптастырудың алғашқы қадамдары.

Қарапайым ғана есірткіге қарсы ұрандар бар сәнді футболқалар, кепкалар, сапалы спорттық инвентарлар – мұның бәрі жастардың «есірткісіз өмір сүру деген түсінігін нығайтады. Бұл жерде қоғамдық кеңес мүшелері мен волонтерлердің де ролі орасан. Олар қала көшелеріндегі көрінеу жарнамалар мен QR-кодтарды өшіру арқылы цифрлық тазалық орнатады.

## Түйін

Тосқауыл – санада. Есірткімен күрес – тек құқық қорғау органдарының немесе дәрігерлердің ғана міндеті емес. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» дейді дана халқымыз. Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі «бесік» – ол біздің бос уақытымыз, олардың араласатын ортасы және смартфондағы әлемі. Егер әрбір ата-ана баласына тосқауыл қоя билесе, яғни, дұрыс пен бұрысты, ажал мен өмірді ажыратуды үйретсе, сыртқы жаудың ешқандай елірген әрекеті де қатер тудыра алмайды. Ең басты жеңіс – санасы сергек, рухы мықты ұрпақтың қалыптасуы.

Ал, есірткінің зиянсыз түрі болмайды!

Суреттер облыстық полиция департаментінен

## • ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

# Ел қорғанысының жаңа форматы

Өткен жылдан Қазақстанда мобилизациялық резервті дайындауға және мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға бағытталған әскери резерв қызметі енгізілген болатын. Бұл бастама ел қауіпсіздігін күшейтумен қатар, азаматтарға негізгі жұмысынан қол үзбей әскери міндетін орындауға мүмкіндік беретін жаңа формат ретінде қарастырылып отыр. Яғни, резервтегі азаматтар күнделікті қызметін жалғастыра отырып, мемлекет қорғанысын қамтамасыз ету ісіне де үлес қоса алады.

Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Әскери резервке қабылдау аумақтық қағидат бойынша жүзеге асырылады. Атап айтқанда, резервшілер әскери дайындықты өздерінің тұрғылықты жері бойынша өтеді. Қызмет негізгі жү-

## РЕЗЕРВТЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан азаматтары үшін жаңа мүмкіндік

**Негізгі жұмысың сақталады**

**Қосымша ақшалай төлемдер аласың**

**Өз тұрғылықты жерінде жиындарға және жаттығуларға қатысасың**

**Қажет болған жағдайда мобилизация**

**ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ:**

- 1 Әскери бөлімге өтініш бер
- 2 Медициналық тексеру және дайындықтан өт
- 3 3 жылға келісім-шарт жасас

**ТАЛАПТАР:**

«Қазақстан Республикасы азаматтығы»

«18 жастан асқан»

«Міндетті әскери қызметті немесе әскери кафедраны өткені»

**Қосымша ақпарат бойынша:**

**87018962391**      **87078272339**

#РезервтегіӘскериҚызмет      #Қазақстан Армиясы

мысқа кедергі келтірмейтіндей етіп ұйымдастырылған. Резервтегі азаматтар айына небәрі үш күн оқу-жаттығу сабақтарына тартылады. Осы уақыт ішінде олар әскери дайындықтарын жетілдіріп, төтенше жағдайлар мен мобилизация кезінде қажет болатын дағдыларды меңгереді.

Мемлекет резервшілерді әлеуметтік тұрғыдан да қолдайды. Әскери резерв қызметінде жүрген азаматтарға ай сайын 85 000 теңге мөлшерінде төлем қарастырылған. Сонымен қатар, қызмет өткеру кезінде резервшілер әскери киіммен, түсік аспен және медициналық қызметпен толық қамтамасыз етіледі. Бұл шаралар азаматтардың әскери дайындыққа қатысуын жеңілдетіп, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әскери резерв қызметіне қабылдану үшін кандидаттар бірқатар талаптарға сай болуы тиіс. Ең алдымен, үміткер Қазақстан Республикасының азаматы болуы қажет. Сонымен қатар, мерзімді әскери қызметті өткеруі немесе әскери кафедрада оқуы, не Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында, атап

айтқанда әскери-техникалық мектептерде (ӨТМ) ақылы негізде әскери даярлықтан өтуі талап етіледі. Бұл талап әйелдерге қолданылмайды. Үміткердің жасы 18-ден кем болмауы керек, сондай-ақ, белгіленген шекті жастан аспауы тиіс: офицерлік құрам үшін – 57 жасқа дейін, ал, сержанттық және қатардағы құрам үшін – 47 жасқа дейін.

Әскери резервке қабылданғысы келетін азаматтар тұрғылықты жері бойынша әскери комиссариатқа немесе Қарағанды өңіріндегі әскери бөлімдерге жүгіне алады. Атап айтқанда, №77070 және №31775 әскери бөлімдері Қарағанды қаласында орналасқан, ал №85510 әскери бөлімі Ақтас кентінде орналасқан. Қызметке қабылдау мәселелері бойынша кадр бөлімдерімен де байланысуға болады: №77070 әскери бөлімі – 8-706-516-02-25, №31775 әскери бөлімі – 8-775-750-84-80 (байланыс тұлғасы – Толқын), №85510 әскери бөлімі – 8-707-827-23-39 (байланыс тұлғасы – Абылайхан).

Сондай-ақ, QR-код арқылы арнайы сайтқа өтіп, резервтегі әскери қызмет туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік бар.

• САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

## Тасқынға дайындық МЫҒЫМ

Көктем жақындаған сайын табиғаттың тосын мінезі де алаңдатпай қоймайды. Әсіресе, қар қалың түскен өңірлерде су тасқыны қауіп жыл сайын өзекті мәселеге айналады. Қарағанды облысында гидрометеорологиялық ахуал тұрақты бақылауға алынған. Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте мамандар алдағы көктемгі кезеңге жасалған болжамдар мен дайындық жұмыстары туралы жан-жақты мәлімет берді.

Баспасөз мәслихатында «Қаз-гидромет» РМК-ның Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша гидрология бөлімінің басшысы Ілияс Сейітқалиев өңірдегі гидрометеорологиялық жағдай туралы баяндады.

Ілияс Өмірсерікұлының айтуынша, қазір облыста су деңгейін, су мөлшерін, бекеттердегі мұз құбылыстарын, жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылап отыратын 30 гидробекет, ауа райын бақылайтын 25 метеостанция, 10 агробекет жұмыс істейді. Сонымен қатар, 23 қар өлшегіш маршрутқа облыстың гидрометеорологиялық жағдайы тұрақты түрде бақылауда. Қазіргі уақытта өңірдегі гидрометеорологиялық жағдай тұрақты, өзендер қысқы режимде.

– Су тасқынына әсер ететін негізгі фактордың бірі – топырақ жамылғысының ылғалдануы. Бүгінде облыс аумағының басым бөлігінде топырақтың ылғалдылығы қалыпты деңгейден төмен немесе қалыпты шамада. Ал, аймақтың Шығыс және Оңтүстік-Шығыс бөлігінде, атап айтқанда, Осакаров, Бұқар жырау, Қарқаралы және Ақтоғай аудандарының басым бөлігінде қалыптыдан артық, яғни, нормадан 3-тен 333%-ға дейін жоғары ылғалдану байқалады. Облыстың орталық бөлігінде – Осакаров, Бұқар жырау, Қарқаралы аудандарының батысында және Шет ауданының орталық бөлігінде ылғалдану нормашегінде. Нұра, Абай, Осакаров, Бұқар жырау аудандарының басым бөлігі, сондай-ақ, Шет ауданының солтүстігі мен оңтүстігінде топырақ ылғалдылығы нормадан 3-тен 71%-ға дейін төмен, – деді Ілияс Сейітқалиев.

Сонымен бірге, өңірде топырақтың қату тереңдігі де біркелкі емес. Аймақта бұл көрсеткіш 30-дан 150 сантиметрге дейін өзгеріп отырады. Ең жоғары мәндер облыстың Солтүстік-Батыс бөлігіндегі Нұра ауданында 150 см-ге дейін, солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде Бұқар жырау ауданында 148 см-ге дейін, Осакаров ауданында 116 см-ге дейін, ал, Қарағанды қаласында 114 см деңгейінде тіркелген. Облыстың Шығыс бөлігіндегі Қарқаралы ауданында қату тереңдігі 135 см-ге дейін жетеді. Ал, Шет, Абай және Бұқар жырау аудандарының Оңтүстік бөлігін қамтитын Орталық аймақта топырақ 44-тен 105 сантиметрге дейін қатқан.

Синоптиктердің алдын ала болжамына сәйкес, наурыз айында облыстың басым бөлігінде ауа температурасы нормадан 1 гра-

дусқа жоғары болады деп күтіледі. Жауын-шашын мөлшері де негізінен норма шамасында болады. Ал, облыстың шығыс жартысында – Ақтоғай, Қарқаралы аудандарында, сондай-ақ, Бұқар жырау мен Осакаров аудандарының шығысында нормадан жоғары болуы мүмкін. Сәуір айында облыстың көп бөлігінде ауаның орташа айлық температурасы нормадан 1°C жоғары болады деп болжанып отыр. Жауын-шашын мөлшері облыстың басым бөлігінде қалыпты деңгейде.

Көпжылдық гидрологиялық деректерді талдау нәтижесінде және жауын-шашынның жиналуын, топырақтың қату тереңдігін, ылғалдылық деңгейін ескере отырып, мамандар су тасқыны қауіпін бойынша өңір аумақтарын үш санатқа бөлген.

Қауіп жоғары аймақтарға – Бұқар жырау, Нұра және Ақтоғай аудандары, қауіп орташа аймақтарға – Қарқаралы, Шет және Осакаров аудандары енгізілген. Ал, қауіп төмен аймақ ретінде Абай ауданы көрсетілгені.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Думан Далешовтің айтуынша, қазіргі уақытта облыста су тасқынына қарсы негізгі іс-шаралар толық аяқталған.

Бүгінгі күні су тасқынының алдын алу мақсатында шамамен 132 іс-шара орындалған. Атап айтқанда, 25 шақырымға жуық қорғаныс біліктері тұрғызылып, нығайтылған. 21 шақырымнан астам арналар мен арықтарды тазарту және салу жұмыстары жүргізіліп, 28 шақырымнан астам өзен арналарына санация жасалған. Сонымен қатар, автомобиль жолдарының 54 учаскесінде су өткізу қабілеті ұлғайтылды. Бұдан бөлек, 4 гидротехникалық құрылыста Самарқанд, Жартаст су қоймалары, Тоғызқұдық және Жастілек бөгеттерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Су тасқыны қауіпін жоғары аумақтар да ерекше бақылауға алынған. Атап айтқанда, 139 елді мекен, автомобиль және темір жолдардың су тасқынына қауіпті 130 учаскесі, сондай-ақ, 217 су шаруашылығы құрылысы тұрақты бақылауда тұр. Өзен арналары бойында және гидротехникалық құрылыстардан төмен орналасқан елді мекендерде қорғаныс біліктері қосымша нығайтылып, қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлінген.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• РЕСМИ

## Заңсыз контентке жауапкершілік бар

Қаржы мониторингі агенттігі интернет-желісін қоса алғанда ақпарат кеністігіндегі заңсыз контентті анықтау және оны блоктау жөніндегі ақпарат айдынын мониторингтеу ережелерін әзірледі. Бұл ережелер интернет-ресурстар, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да ақпараттық-коммуникациялық платформаларды қамтитын дереккөздердегі мәліметті талдауға негізделген.

Ережелер заңсыз контентке қол-жетімділікті шектеу шараларын қамтамасыз етеді, сондай-ақ, анықталған материалға қатысты тиісті әрекеттерді жүргізеді. Агенттік өз қызметін шеңберінде үш негізгі сценарий бойынша әрекет етеді.

Біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда – ҚР қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген

шаралар қолданылады. Екіншіден, қылмыстық құрам белгілері жоқ жағдайда – материал әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін тиісті органдарға жолданады.

Үшіншіден, заңмен немесе сот шешімдерімен таратылуына тыйым салынған материалдар анықталған жағдайда – бұқаралық ақпарат саласындағы тиісті органдарға хабарлама жіберіліп, оларды

## Арманға қанат байлаған

Ана мен балаға қамқорлықты күшейту мақсатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдарға қол қойды. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында бірнеше рет әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды талқылап отыр. Президент тапсырмасы аясында елімізде ана мен баланы қорғауға бағытталған түрлі әлеуметтік жобалар мен қоғамдық бастамалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.



Жәлел ШАЛҚАР «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде елімізде әйелдер мен балаларды қорғау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Әсіресе, өмірлік қиын жағдайға тап болған аналар мен олардың сәбилеріне қолдау көрсету қоғамның әлеуметтік жауапкершілігін айқындайды. Осы бағыттағы ұйымның бірі – «Ана үйі» қоғамдық қоры. «Ана үйі» қоғамдық қоры қазақстандық меценаттардың қолдауымен жұмыс істейді.

Бұл қабырғалық ұйым әлеуметтік түйткілдің алдын алу және балалар үйіне түсетін балалардың санын азайту мақсатында 13 жылдан бері жемісті жұмыс істеп келеді. Қордың басты мақсаты – ананың сәбиінен бас тартуына жол бермеу және баланың туған отбасында қалуына мүмкіндік жасау.

Бүгінде қор Қазақстанның 18 қаласында 20 «Ана үйі» ашты. Оның ішінде, екі орталық онлайн кеңес беруде. Мұнда жаңа туған нәрестесімен өмірлік қиын жағдайға тап болған аналар уақытша тұрып, әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек алады.

Қор қызметінің нәтижелері де айтарлықтай. 13 жыл ішінде 7 843 әйел уақытша атаулы әлеуметтік көмек алып, олардың балалары балалар үйіне жіберілмей, өз отбасында қалды. Ал, Қарағанды қаласындағы «Ана үйі» көмегімен 371 ана мен сәби қолдау тапқан.

– Біздің негізгі мақсатымыз – ананы баласынан айырмау. Көп жағдайда әйелдер қиындыққа тап болған кезде қолдау таппай, амалсыз шешім қабылдайды. Біз дәл сол сәтте жанынан табылып,

психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетеміз. Нәтижесінде көптеген ана өз сәбиін сақтап қалып, жана өмір бастауға мүмкіндік алады, – деді Қарағанды қаласы Ана үйінің координаторы Надежда Жалбаева.

«Ана үйінің» көмегімен қолдау алған ана атын атамауды өтініп, пікірін білдірді.

– Егер мен сол қиын сәтте қолдау таппасам, баламнан айырылып, баз кешіп кетер едім. Бала туғаннан кейінгі алғашқы айлар өте қиын болды. Кейде амалсыз шешім қабылдауға тура келетіндей жағдайлар да кездесті. Бірақ, «Ана үйінің» мамандары әрдайым психологиялық кеңес беріп, қажетті заттармен қамтамасыз етті, балаларым үшін әлеуметтік көмек ұйымдастырды. Бүгін мен өз сәбиіммен біргемін. Болашағымызға сеніммен қараймын, – дейді ол.

Ресми дерекке сүйенсек, қазіргі таңда «Ана үйі» еліміздегі жаңа туған сәбиден бас тарту жағдайларының 69 пайызының алдын алған. Дегенмен, жетімдік мәселесі толық шешілді деуге әлі ерте. Балалар үйлеріне әртүрлі жастағы балалардың келуі әлі де тоқтар емес.

Осыған байланысты, аталған қор 2016 жылы жұмысының екінші бағытын, яғни, Бала асырап алу ұлттық агенттігін іске қосты. Оның негізгі миссиясы – қабылдаушы отбасыларды даярлау, сүйемелдеу және қоғамда бала асырап алу мәдениетін дамыту.

Бүгінде Қазақстанның 20 қаласында кеңес беру кабинеттері жұмыс істейді. Қор мамандары балалар үйлерінен немесе сабиалар үйлерінен бала асырап алғысы келетін азаматтарға кеңес беріп, психологиялық қолдау көрсетеді.



Сонымен бірге, әлеуетті ата-аналар Қабылдаушы ата-аналар мектебінде арнайы дайындықтан өтеді. Мұнда олар бала психологиясы, бейімделу кезеңі және жаңа отбасылық қатынастарды қалыптастыру жөнінде маңызды білім алады.

Бүгінгі күні осы агенттіктің көмегімен 1 419 қазақстандық отбасы 2 102 баланы өз қамқорлығына алған. Сонымен қатар, 20 374 азаматқа кеңес беріліп, олардың 6 745-і қабылдаушы ата-аналар мектебінен өтті.

«Ана үйінің» көмегімен отбасы болған бала да өз пікірін және ризашылығын білдіріп, атын атамауды сұрады.

– Мен жаңа отбасымды өте жақсы көремін. Анам мені әкем ерекше мені қолдап, бірге уақыт өткізеді. Бұрын балалар үйінде болдым, бірақ, қазір толық отбасыда бақытты өмір сүріп жатырмын. Бастысы, менің жаңа өмірімде сүйіспеншілік пен қамқорлық бар. Армаңдарым үшін күресем аламын, – дейді бала.

Баланың толыққанды дамуы мен тәуелсіз өмірге дайындалуы ең алдымен отбасында қалыптасады. Сондықтан да, Қор балаларға арналған «Балажан» интернет мекемелерін трансформациялау бағдарламасын да іске асыруда. Жобаның басты мақсаты – мекеме қызметкерлерінің жұмысын балаларды интернатта ұзақ уақыт ұстауға емес, олардың отбасына оралуына немесе жаңа отбасы табуына бағыттау.

Бұдан бөлек, 2021 жылдан бастап, Қор сәбилер үйлеріндегі «Үміт» топтарында балаларын уақытша қалдырған аналармен жұмыс жүргізе бастады. Бұл бастама балалардың уақытша



топтардан балалар үйлеріне жіберілуінің алдын алуға бағытталған.

Нәтижесінде 2021 жылдың ішінде айынан бері Қордың ресурстық орталықтарының көмегімен интернат мекемелеріне уақытша орналастырылған 1 343 бала туған отбасыларына қайтарылды. Оның ішінде, 53 бала Қарағанды қаласындағы «Ана үйінің» жұмысы арқылы өз отбасына оралған.

Соған қарамастан елімізде әлі де 3 962 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала балалар үйлерінде өмір сүріп жатыр. Олардың арасында денсаулығында ерекшеліктері бар немесе түрлі даму бұзылыстары кездесетін балалар да бар.

Осы мәселені шешу үшін 2022 жылы Қор қамқоршылары ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға дайын отбасыларды қолдау мақсатында пилоттық жобаны іске қосты. Жобаға арнайы қаржы бөлініп, қабылдаушы отбасыларға медициналық оналту, қажет болған жағдайда ота жасау шығындарын өтеу және қаржылай қолдау көрсету қарастырылды. Қазіргі таңда осы бағдарлама аясында 318 бала көмек алған.

– Әрбір бала отбасыда тәрбиеленуге лайық. Интернет мекемесінде өскен бала қоғамға бейімделуде көптеген қиындыққа тап болуы мүмкін. Сол себепті, басты міндетіміз – балаларды отбасымен қауыштыру және ата-аналарға қажетті қолдау көрсету, – деп атап өтті Надежда Александровна.

Тағы бір айта кетерлігі, Қор жетім балаларға отбасы табуға көмектесу мақсатында әлеуметтік желілерде де белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Instagram желісінде «Отбасын армандаймын!» атты арнайы бейне-анкета базасы құрылған. Онда балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан балалар туралы қысқа бейнематериалдар жарияланады. Пилоттық жобаның арқасында екі айдың ішінде үш бала жаңа отбасын тапқан.

2024 жылы Қор қызметі халықаралық деңгейге де шыққанын айрықша атап айту керек. Құрылтайшылар Айдын Рахимбаев пен Арсен Тосқимдінің қолдауымен Mother's Home International Foundation халықаралық бағыты іске қосылды. Қазіргі уақытта Озбекстан, Украина, Қырғызстан және Малайзияда ресурстық орталықтар жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ, Түркияда филиал тіркеу процесі жүргізілуде, ал, Колумбия, Перу, Болгария, Польша және Таиланд елдерінде жобаны іске қосу мүмкіндігі қарастырылуда.

Елімізде ана мен балаға арналған дағдарыс орталықтары аз емес. Дегенмен, «Ана үйі» жобасы – олардың ішіндегі ерекше әлеуметтік бастамалардың бірі. Мұндай орталықтардың барлығы да аналар мен балалардың тағдырына бейжай қарамай, қиын жағдайда қалған жандарға қамқорлық көрсетуді басты мақсат ететіні анық.

Өйткені, ана мен балаға жасалған қамқорлықтың әлеуметтік қолдау әрі елдің болашағына жасалған маңызды инвестиция екенін атап өткен жөн.

Суреттер «Ана үйі» қоғамдық қорының мұрағатынан

• ҰБТ – 2026

## Талапкерлер тест тапсырды

Елімізде биылғы наурыз айындағы Ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы аптасында 31 мыңнан астам талапкер тест тапсырып үлгерді. Бұл туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлады.

Ведомство мәліметінше, тест тапсырушылардың 63 пайызы ҰБТ-ны қазақ тілінде, 37 пайызы орыс тілінде тапсырса, 74 талапкер ағылшын тілін таңдаған.

Алғашқы апта қорытындысы бойынша талапкерлердің 57,7 пайызы шекті балды жинаған. Бес пән бойынша орташа балл – 56,5. Ең жоғары нәтиже – 136 балл.

Министрлік тестілеу кезінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлерге қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінгенін

атап өтті. ҰБТ-ға 101 талапкер ерекше білім беру қажеттіліктерімен қатысқан.

Сонымен қатар, талапкерлер тест тапсырмаларының мазмұнына қатысты апелляцияны тест аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде бере алады. Ал, техникалық мәселелерге байланысты апелляциялар тестілеу барысында қабылданады. Апелляциялар қаралғаннан кейін тест нәтижелері талапкерлердің жеке кабинеттерінде жарияланады.

ҰБТ өткізудің алғашқы апта-

сында тестілеу ережелерін бұзудың 56 дерегі тіркелді. Оның ішінде, 36 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып кірмек болғаны үшін тестілеуден шеттетілді. Тағы 20 талапкер тестілеу кезінде тәртіп бұзғаны үшін аудиториядан шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Қазіргі уақытта бөгде адамның орнына тест тапсыру деректері тіркелмеген.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, ҰБТ-2026 аяқталғаннан кейін бейнежазбаларға талдау 31 қазанға дейін жүргізіледі.

Шұғыла ТӨНІРБЕРГЕНҚЫЗЫ, Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ IV курс студенті

# Арқа аграрларының әлеуеті зор

Өндірісі өркендеген өңір агроөнеркәсібімен де танылып келеді. Сарыарқаның сайын даласындағы астық бірнеше елге экспортталады. Арқаның брендке айналған еті сұранысқа ие. Сүт өнімдері де елдегі дүкендердің сөрелерінде тұр. Құс еті мен өнімдерін өзге елдер де тұтынып отыр. Елордаға іргелес орналасқан аймақтың іргелі агроөнеркәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші кәсіпкерлердің осы орайда маңдай бағы жарқырап тұр. Соның арқасында Арқа өңірі азықтүліктің берекелі хәм қауіпсіз белдеуіне айналды.

**Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,**  
«Ortalıq Qazaqstan»

## Президент пәрмені

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы Жолдауында айтылған стратегиялық мақсаттардың бірі – ұлттық азықтүлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту. Бұған қол жеткізу үшін отандық өндірісті қолдау, агробизнесі дамыту және инновациялық шешімдерді енгізу негізгі басымдықтар болып қала береді. Мемлекет басшысы атап өткендей, ауыл шаруашылығы хабтары мен логистикалық орталықтарды құру және жаңғырту да саланы дамытудың маңызды элементі болмақ. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін жинауды, сақтауды және тасымалдауды жақсартады.

Расында, Қарағанды облысы соңғы жылдары агроөнеркәсіп кешенін дамытуға ерекше ден қойды. Бұл бағыттағы бастамалар өндіріс көлемін ұлғайтып қана қоймай, жаңа инвестициялық жобаларды іске қосуға жол ашты. Аймақтың агросектордағы әлеуетін арттыру бойынша азықтүлік белдеуін қалыптастыруға барынша басымдық берілуде.

Мәселен, Арқа даласында өскен астықтың түр-түрін сырт елдерге экспорттап отырған Agro Pro Trade кәсіпорны, май өнімдерін өндіретін Eurasian Foods АҚ, ертеден танымал №1 Қарағанды ет өңдеу комбинаты озық технологияның тиімділігін көздеге жаратып, елдің ішкі нарығына сапалы өнім ұсынып, өңір экономикасын еселеп отыр.

## Қарағандының алтын қамбасы

Agro Pro Trade кәсіпорны дөңді және майлы дақылдарды өндіру, сатып алу, сақтау, өңдеу және шетел нарығына жеткізу бағытында тұрақты жұмыс атқарып келеді. Компания негізінен Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарындағы шаруашылықтардан астық қабылдайды. Шикізат арнайы қоймаларда сақталып, ылғалдылық пен температураға қатаң бақылау жасалады. Сонымен қатар өнім зертханалық тексеруден өтіп, халықаралық стандарттарға сәйкестендіріліп, сапасы нақтыланды.

Экспортқа негізінен бидай, арпа, қара бидай, жүгері, жасымдық

күнбағыс және зығыр тұқымдары шығарылады. Бұл өнімдер ішкі нарықта ғана емес, халықаралық нарықта да сұранысқа ие. Арқа астығы Орталық Азия елдеріне, Қытай мен Еуропа нарығына жеткізіледі.

Agro Pro Trade компаниясы фермерлермен тікелей іскерлік қарым-қатынас орнатып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрақты нарығын қамтамасыз етеді. Бұл ауыл шаруашылығы саласының дамуына және жергілікті экономиканың өркендеуіне ықпал етіп отыр. Сәйкесінше, астық өнімдері халықаралық стандарттарға сай дайындалғандықтан, экспорттық әлеуеті жоғары.

Дөңді дақылдар тек тамақ өнеркәсібін ғана емес, мал шаруашылығы, биоотын, крахмал өндірісі сияқты салаларды да қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпорын өнімдері жоғары сапасы мен жеткізілім сенімділігі арқылы фермерлер мен кәсіпкерлердің табысын арттырып отыр.

## Eurasian Foods: сапалы өнім стандарты

Қарағандыдағы Eurasian Foods кәсіпорны – май өнімдерін өндіретін Орталық Азиядағы ең ірі кәсіпорындардың бірі. Қарағандыдағы кәсіпорын 1971 жылы құрылып, сол кезден бері тұрақты дамып келеді. Бастапқыда шағын куатпен жұмыс істесе, кейін бірнеше мәрте жаңғырту кезеңдерінен өткен кәсіпорында өндіріс көлемі жылғына 110 мың тонна өнімге дейін өсті. Зауыттың аумағы – 9,6 гектар, оның ішінде өндірістік алаң – 2,7 гектар. Зауыт өз жұмысын тұрақты жүргізу үшін қажетті барлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген: электр қуаты мен жылу түйығы, су көздері, өз теміржол желісі және вагондар паркі бар. Бұл инфрақұрылымдық мүмкіндік өнімді мезгілінде жеткізіп, логистиканы сенімді етеді.

«Eurasian Foods» маргариндер мен тағамдық майлар шығарады. «3 желания», «Шедевр», «Златые горы», «Иртыш», «Масленкино», «Золотой стандарт» брендтерімен өндірілетін асүй өнімдері әр шаңырақтың дастарханындағы дәмінде бар. Тұздықтың түр-түрі, май, майонез, спредтер, дәмдеуіштер және сүт өнімдері, кондитер өнімдеріне қосатын тұр-



Қолжазба авторы Арайлым Қоңғар

лі ингредиенттер осы зауыттан шығады.

Барлық өнім заманауи желілерде өңделіп, қапталыды. Бұл – сапа мен тұрақтылықтың кепілі. Өндіріс барысында шикізаттан бастап, дайын өнімге дейін барлық кезеңде сапа бақылауда. Зауытта физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерді тексеретін заманауи зертханалар жұмыс істейді. Газ-хроматограф, спектрометр және текстура анализаторы сияқты құралдар өнімнің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Зауытта шамамен 600 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, кәсіпорын жергілікті еңбек нарығына үлес қосып отыр. «Eurasian Foods» өнімдері еліміздің түпкір-түпкіріне тарайды. Тіпті, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Ресей, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Қытайға жеткізіледі.

## Ертеден белгілі ет комбинаты

Қарағанды өңірінде ет өңдеу саласы да қарқынды дамып келеді. Озық технологиямен жабдықталған №1 Қарағанды ет өңдеу кәсіпорны ірі қара мен қой етін толық цикл бойынша өңдейді: мал сою, салқындату, өңдеу және қаптау процестері заманауи желілер арқылы жүзеге асырылады.

Өнімдер вакуумдық және термовакуумдық қаптамаларда сақта-

лады. Бұл еттің табиғи сапасын ұзақ мерзімге сақтап, тұтынушыға сапалы әрі қауіпсіз өнім болып жеткізіледі. Кәсіпорын зертханаларында еттің сапасы мен қауіпсіздігі тұрақты бақылауда болады.

Қарағандыдағы ет кәсіпорны тек ішкі нарыққа өнім жеткізуден шектелмей, өз өнімдерін Таяу Шығыс елдеріне де экспортқа шығарады. Әсіресе, халал стандарттарына сай өндірілген өнімдер халықаралық нарықта сұранысқа ие.

Біздің кәсіпорын жергілікті фермерлерден мал сатып алып, шаруа қожалықтарына тұрақты нарық қалыптастырып отыр. Бұл ауыл экономикасының дамуына серпін береді. Фермерлер де делдалсыз малын өткізеді. Компанияның негізгі өнімдері – салқындатылған және мұздатылған ет, консервіленген ет тағамдары, сондай-ақ, вакуумдық және термоқаптамада ұсынылатын дайын тағам түрлері. Шұжықтың түр-түрі, фастфуд өнімдеріне дейін осы кәсіпорында әзірленеді. Сонымен қатар, компания тұтынушыларға арналған даяр ет өнімдерін ұсынуды жаңа форматтарын енгізуді жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпорын жетекшісі Серік Жұртыбаев.

## Инвестиция игілігі

Астық өндірісі, ет өңдеу және тағам өнеркәсібі кәсіпорындарының дамуы өңірдің аграрлық секторын жаңа деңгейге көтеріп,

инвестициялық тартымдылығын арттырды.

Өңірдің агроөнеркәсіп саласына салынған инвестициялар да – тұрақты дамудың айқын дәлелі. Былтыр АӨК-ке негізгі капиталға жалпы 78 173,8 млн теңге инвестиция салынған. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 260,8 пайызға артық. Соның ішінде, ауыл шаруашылығына – 69 054,3 млн теңге, тамақ өнімдерін өндіруге – 9 119,5 млн теңге инвестиция тартылды. Былтыр жылдың қаңтар айының өзінде АӨК саласына жалпы 1 150,2 млн теңге инвестиция тартылып, оның ішінде, ауыл шаруашылығына – 990,7 млн теңге, тамақ өнімдерін өндіруге – 159,5 млн теңге бағытталған. Бұл қаражат өңірдің агроөнеркәсіп секторын дамытуға, өндірістің көлемін ұлғайтуға және азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – дейді облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Сарапшылардың пікірінше, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және экспортқа шығару бағытындағы жобалар өңір экономикасының тұрақты дамуына ықпал етеді. Жаңа жұмыс орындарын ашу, фермерлік шаруашылықтарды қолдау, өңірлік кәсіпкерліктің өркендеуі – азықтүлік белдеуінің басты нәтижелері.

Суреттер кәсіпорындар сайтынан

## • АГРОКЕШЕН

# Дайындық басталды

Облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері көктемгі дала жұмыстарына дайындықты бастады. Шаруашылықтарда 100 мың тоннадан астам тұқым қоры әзірленген. Егістік алқаптарына 11 мың трактор, 229 егіс кешені және 10 мыңнан астам агрегатпен тыңшар оңдеу агрегатын шығару жоспарланып отыр. Техниканың дайындығы қазірдің өзінде 96 пайыздан асты. Бұл туралы облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының баспасөз қызметі мәлімдеді.

Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов мәлімдегендей, өткен жылы өңірдің ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 531,1 млрд теңгені құраған. Бұл – алдыңғы кезең көрсеткіштерінен жоғары. Өсім егін шаруашылығы мен мал шаруашылығында да бар.

– Оң нәтижелерге қол жеткізудің маңызды факторының бірі – ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау. Жол картасы аясында агроөнеркәсіптік кешенде бір жыл ішінде 31 инвестициялық жоба іске асырылып, 287 жұмыс орыны құрылды, – деді Сырым Бошпанов.

Жер қатынастарын цифрландыру да белсенді дамуда. Гарыштық мониторинг пен геоаналитика көмегімен пайдаланылмай жатқан 146,2 мың гектар ауыл шаруашылығы жері анықталып, мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл жұмыс жайылым ташылығын азайту мақсатында жалғасуда.

2026 жылы егіс алқаптарын одан әрі кеңейту және өнімділікті арттыру жоспарлануда. Негізгі назар майлы дақылдар мен оларды өңдеуге аударылады. Қосымша қолдау шаралары мен өңдеу кәсіпорындарын жеңілдетілген қаржыландыру шикізаттың кепілді өткізілуін және өндірістік құжаттардың жүктелуін қамтамасыз етуге тиіс.

Сонымен қатар көктемгі дала жұмыстарын сапалы өткізу үшін жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше көңіл бөлінуде. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеңілдетілген бағамен дизель отынын бөлу қарастырылған. Бұл шаруашылықтарға егіс науқанын уақытында және толық көлемде жүргізуге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

# Қазақ баспасөзінің темірқазығы

«Қасым үйінде» мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының 160 жылдық мерейтойына арналған «Әлихан және қазақ баспасөзі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Келелі жиын Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының ұйымдастыруымен өткізіліп, қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына Әлихан Бөкейханұлының қосқан үлесін кеңінен талқылауға арналды.

**Ерканат КЕНЕСБЕКҮЛЫ,**  
«Ortalıq Qazaqstan»

Маңызды жиынды Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жақан жүргізіп отырып, басқосудың басты мақсаты – ұлт зиялысының қазақ баспасөзін дамытудағы тарихи рөлін насихаттау, оның мақалалары мен қоғамдық ойға әсер еткен публицистикалық еңбектерін талқылау және мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру екенін атап өтті.

Дөңгелек үстелге алаштанушы ғалымдар, журналистер, өлкетанушылар, тіл мамандары және студенттер қатысты. Қатысушылар қатарында Қарағанды медицина университетінің Қазақстан



тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры, алаштанушы-ғалым Камшат Абдрахманова, ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі Әли Тойжігіт, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы Аңғар Смағұл, элихантанушы-ұстаз Тілеуғалы Әміртаев, элихантанушы

қаламгер Сүйіндік Жанысбай және журналист, тарихшы-ғалым Ергазы Қашар бар. Сонымен қатар, «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесінің мүшелері мен Қарағанды медицина университетінің студенттері, Ресурстық тіл орталығының мамандары да белсенді түрде пікір алмасты.


Кездесу барысында баянда-

машылар Әлихан Бөкейханұлының публицистикалық мұрасына тоқталып, оның қазақ қоғамындағы ағартушылық миссиясын ерекше атап өтті. Қатысушылардың айтуынша, Әлихан Бөкейханұлы ұлттық баспасөзді халықтың ой-санасын жаңғыртатын, қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды құрал ретінде қарастырған. Оның мақа-

лалары мен зерттеулері елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелерін қозғап, қазақ қоғамының жаңғыруына ықпал етті.

Ғалымдар мен қаламгерлер Әлихан Бөкейханұлының журналистикадағы мұрасы тек тарихи құндылық қана емес, бүгінгі ақпарат кеңістігі үшін де маңызды бағдар екенін атап өтті. Оның публицистикасында ұлттық мүдде, білім мен ғылым, жер мәселесі, тіл мен мәдениет тағдыры кеңінен қамтылған. Бұл тақырыптар қазіргі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ. Дөңгелек үстел барысында жас буын өкілдерінің де пікірлері тыңдалып, студенттер ұлт көсемінің идеялары мен баспасөздегі қызметі туралы өз ойларын ашық білдірді. Бұл өз кезегінде тарихи тұлғаның мұрасын жас ұрпаққа таныту мен олардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды қадам ретінде бағаланды.

Шара соңында қатысушылар ұлттық баспасөздің қалыптасу тарихын зерттеу, алаш қайраткерлерінің публицистикалық еңбектерін кеңінен насихаттау және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті. Осылайша, «Әлихан және қазақ баспасөзі» тақырыбындағы басқосу ұлт тарихындағы ірі тұлғаның мұрасын жаңаша пайымдауға мүмкіндік беріп, қазақ журналистикасының рухани та-



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН 160

мыры тереңде жатқанын тағы бір мәрте көрсетті.

– Дөңгелек үстелдің маңызы өте зор деп есептеймін. Өйткені, Әлихан Бөкейханұлы – тек саяси қайраткер ғана емес, қазақ баспасөзінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан публицист. Оның мақалалары сол дәуірдегі қазақ қоғамының ең өзекті мәселелерін көтеріп, халықтың санасын оятуға қызмет етті. Бүгінгі басқосуда сол рухани мұраны қайта зерделеп, жас ұрпаққа таныстыру бағытында мазмұнды пікірлер айтылды. Мұндай жүйелі кездесулер Алаш зиялыларының идеяларын терең түсінуге, ұлттық баспасөздің тарихи негіздерін ұғынуға үлкен мүмкіндік береді, – деп пікір қосты тарихшы-ғалым, элихантанушы Ергазы Қашарұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан



• БӘРЕКЕЛДІ!

# Ерен еңбегі еленді

Аймақта 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында қоғамның түрлі саласында табысты еңбек етіп жүрген әйелдерді құрметтеуге арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шара аясында өңірдің дамуына үлес қосқан әйелдер мемлекеттік наградалар табысталды. Солардың қатарында Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының талантты актрисасы Дина Зантова бар.



д'Арк, М.Өуезовтің «Аймаң-Шолпанымда» – Шолпан, «Қарагөзінде» – Ақбала мен Мөржан, Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібегінде» – Жібек, Ә.Нұршайқовтың «Махаббат, қызық мол жылдарында» – Ментай, П.Мерименің «Сатен» қойылымында – Кармен, Р.Отарбаевтың «Фариша мен Мұқағали» драмасында – Фариша бейнелерін сомдап, көрермен жүрегінен орын тапты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 3 наурыздағы Жарлығы сәйкес, өнер саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі мен мәдениетке қосқан үлесі үшін ол «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталды.

2006 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын «актерлік өнер, музыкалық театр актері» мамандығы бойынша тәмамдаған ол аймақтағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында қажырлы қызмет етіп келеді.

Сахнадағы алғашқы қадамдарының бірі – Шота Уәлихановтың «Ақнұр» драмасындағы Бота бейнесі. Осы рөл арқылы жас актриса өзіне тән актерлік қолтаңбасын танытып, көрермен мен театр мамандарының назарын аударды. Театр сахнасында Дина Зантова көптеген күрделі әрі әрқилы кейіпкерлерді сомдап, өзін жан-жақты актриса ретінде танытты. Оның шығармашылық қоржынында қазақ және әлем драматургиясының үздік туындыларындағы бірқатар маңызды рөлдер бар.

Актриса Жануидің «Бозторғай» спектаклінде – Жанна

Сондай-ақ, Дина Болатқызы – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы атанған алғашқы театр актрисаларының бірі. 2022 жылы «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Бүгінде Дина Зантова – Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының жетекші актрисаларының бірі. Оның сахнадағы бейнелері әрдайым өзіндік ерекшелігімен, ішкі тереңдігімен және шынайылығымен көрермен көңілінен шығып келеді. Өнерге адалдық пен үздіксіз шығармашылық ізденіс актрисаның кәсіби жолын айқындап, қазақ театр өнерінің дамуына қосқан үлесін айқын көрсетеді.

Мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медалі – талантты актрисаның өнер жолындағы еңбегіне берілген жоғары баға.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• 16 НАУРЫЗ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ

# Ұлт мәдениетінің мәйегі

Мәдениетті биік тұғырынан түсірмеу көкірек көзі ашық жұрттың негізгі міндеті болады. Тарихи мыңжылдықтарды қамтыған Қазақстанның ұстанымы – осы. Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтайда Қасым-Жомарт Тоқаев та осыны айшықтады. Президент «Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі – мәдениет пен өнер. Себебі, қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл – ақиқат. Сондықтан, біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз», – деген еді. Ұлттық кодты жаңғыртуда маңызды рөл атқарып тұрған Ұлыстың Ұлы «Наурызнама» онкүндігімен ерекшеленеді. 16 наурыз – мәдениет және ұлттық дәстүрлер күні.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Халқымыз үшін мәдениет пен салт-дәстүр қаншалықты маңызды? Қазақстанды ашық мұхитқа шыққан кеме делік. Оның өжет, айдарлы, оят ұлдарын кемеңгі тізгіндеушілерге теңесек, алға жетелейтін желкен халықтың өмірге деген құштарлығына, жарқын болашаққа деген сеніміне, қайратына теңесек болар. Ал, мәдениет пен салт-дәстүр – кемеңгі өзі.

Мәдениет пен салт-дәстүр – ұлттың ажары, іргетасы. Ғаламат негізсіз ештеңе жоқ. Тамырсыз ағаш, бастаусыз өзен болмайды. Мәдениет – ұлттық бірегейлікті сақтаушы негіз.

Ұлттық мәдениеті сақталмаған мемлекетте қоғамдық қатынастар мен тәртіп те сақталмайтын тарих дәлелдеген. Ұлттық мәдениетті қастерлеген адамда ішкі мәдениет те болары анық. Себебі, мәдениет адамдардың арасындағы қатынастарды реттейтін ережелер мен нормаларды береді. Салт-дәстүр мен



әдеп-ғұрыптар қоғамдағы тәртіп пен келісімді сақтау үшін қызмет етеді.

Мәдениет – білім мен тәрбие құралы. Халық мәдениеті жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Мифтер, ертегілер, мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, музыкасы арқылы

адамгершілік, еңбекқорлық, достық сияқты құндылықтар беріледі.

Қазақ даласында озық мәдениет қалыптастырған ұлы көшпелілер өркенінің ізі жатыр. Жаһан жұрты жыл өткен сайын осыған назар аударып, қызығушылық танытуда.

Жаһан жұртының назары қазақтың ажарында. Осындай кезеңде мәдениетімізді өзіміз қастерлеп, әлпештей алсақ, Қазақстан туристік елге айналатыны анық. Яғни, ұлттық

мәдениет ұлттық экономикаға қуат береді деген сөз.

Мәдениет – ұлттың тірегі. Тірексіз серпіліс те жоқ.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Құс қанатындағы мейірім

(Соңы. Басы 1-бетте).

Құшағынды айқара ашқанда біз тек адамды емес, болашақты да қарсы алатындаймыз. Үйіңізге балалар келсе, қол қусырып тұрмасыңыз анық. Тәуір киімімізді киіп дастарханды жайнатып «Үйімізге періште» келді деп маңдайынан өбеміз. Мейірім төгеміз.

Іле шала ізін алған аға-жөнгелер, туған-туыс төбе көрсетсе, тіптен

марқайымыз-ау. Солардың соңын ала ақсақалды атағалар мен ақ кімешекті аналар төбе көрсеткенде, еңселеніп қалатынымызды сезбей де қалып жатамыз, асылында.

Амал келді, жыл келді. Осы бір шуақты күннің соңынан эз-Наурыздың күндері тәсіпін тасындай тізбектеле жоғары өрлейді. Халқымыз ошағының отын сөндірмей, ат ағашты айнала жүріп, туған жерінде жүзін де, жүрегің де жылытар

сыйқырлы шақта кемел келешегіне ат айылып бекітіп, атан түйенің бұрауын басар. Қыз үкісіндей күлтеленген күдігін желге ұшырар. Өкініші болса, опынысы болса, өткен күніне тастар. Еншімізге 365 жарық күнін бәсіре ете келген Амал күні ортамызға олжа салды. Бейбітшілік пен береке бірліктің белгісін бедерледі. Ар мен ожданнның арашашысы болып келді. Жеті жаһан жақсылығын қайы-

ра паш етті. Сұлулықтың сырын, жылулықтың жырын маздатты. Ақ қар, көк мұзды жібітті. Данғайыр дәуреннің дәм-тұзын алдымызға тартты. Бақытқа бастады! «Бар қазақ сыйса деп аштым айқара, құшағым менің, ерлігін жердің қайтала» деген жыр қағаны Жұматайдың осы жолдары келеді еске!

Амал күні, эз-Наурыз мейрамының бастауы құтты болсын, Алаш елі!

• КЕЗДЕСУ

# Астана төріндегі тұсаукесер

Елорда төріндегі Ұлттық академиялық кітапханада аудармашы, қаламгер Рымбала Смайыловамен «Аманат арқалаған ана» атты тағылымды кездесу өтті. Кеш барысында оқырмандарға Виктор Гюгоның әлемге әйгілі «Париждегі Нотр-Дам соборы» романының Рымбала Кенжебайқызы аударған нұсқасы таныстырылып, «Рух пен қалам үйлестігі» атты әдеби көрме ұсынылды.

Рымбала Смайылова – Ақадыр аудандық «Ақадыр таңы» және «Ағадырская новь» газеттерінің негізін қалаған алғашқы редактор, белгілі журналист Марал Хасеновтың жары. Жолдасы өмірден өткеннен кейін, оның қаламгерлік жолын жалғастыруды өзіне аманат санап, жасының ұлғайғанына қарамастан, әдебиет пен аударма саласында белсенді еңбек етіп келеді.

Руханият ордасында өткен кездесуге зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, ғалымдар мен журналистер қатысып, кеш несіне жылы лебіздерін білдірді. Олардың қатарында кітапхана директоры Күміс Сейітова, «Әділетті Қазақстан» республикалық ғылыми-инновациялық орталығының директоры Мағжан Садыханов, ақын-жазушы, ғалым Кенжебай Ахметов, жазушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаева, ақын Ардақ



Игенова, Абай ұрпағы Ләйла Баймағанбетова, публицист Төлен Тілеубай, журналист-велошабаңдоз Ернат Мелсұлы, сондай-ақ, «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі Жәнібек Әліман бар.

Кездесу барысында кітапхана директоры Күміс Сейітова Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Әлидің Алғыс хатын табыстады. Ал қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты Мағжан Садыханов қаламгерге «Аяулы ана» қоғамдық төсбелгісін тапсырды.

Кешке Қарағандыдан арнайы келген Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Үкілі үміт» клубының жетекшісі Гүлнар

Шоменова бастаған студенттер де қатысып, құрмет көрсетті. Сонымен қатар, жас ақындар Нұрасыл Аманжол мен Ақжігіт Сағынтай өз шығармаларынан олең оқып, кеш көрігін қыздырды.

Кездесу барысында Рымбала Кенжебайқызы өзі жайлы мақалалар топтастырылған «Жастар әлемі» журналын көпшілікке ұсынып, шығармашылық жолынан сыр шертті.

Кеш соңында аудармашы ұйымдастырушылар мен жиналған қауымға алғысын білдірді. Көп жыл баспаханада еңбек еткен Рымбала апай мәтіннің сауаттылығы мен көркемдігіне ерекше мән береді. Оның айтуынша, қазіргі уақытта тағы бір



аударма кітабы жарық көруге дайын тұр, тек авторлық құқыққа қатысты ресми рұқсатты күтуде.

Аңғар СМАҒҮЛ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

# Алғашқы қарсыластар анықталды

Футболдан Қазақстан Бірінші-Лига ойындары келесі айда басталады деп күтілуде. Тіпті, жаңа маусымдағы алғашқы қарсыласы да анықталған. Ал, қарағандылық «Шахтер» футбол клубы жаңа маусымға дайындықтың соңғы кезеңіне кірісіп кетті. Жерлестер соңғы оқу-жаттығу жиындарын Астанада өткізуде. Онда 23 наурызға дейін жаттығып, футболшыларды функционалдық тұрғыда қайта дайындықтан өткізбек.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі апта бойы бас бапкер Дмитрий Огай жетекшілік ететін жаттықтырушылар штабы тактикалық сызбаларды пысықтап, ойыншылардың өзара іс-қимылын жетілдіруге басымдық береді. Күнделікті өтетін жаттығулар физикалық дайындықты нығайтуға, шешім қабылдау жылдамдығын арттыруға және командалық үйлесімділікті күшейтуге бағытталған. Штаб футболшылардың дайындығын бағалап, ресми кездесулер басталғанға дейін негізгі құрамды жасақтамақ.

«Шахтердің» Қазақстан Бірінші-Лига маусымындағы алғашқы қарсыласы – алматылық «Қайрат» жастар клубы. Жерлестер бұл кездесуді 3 сәуірде сырт алаңда өткізеді. Ал, 9 сәуірде Қазақстан Кубогінің 1/16 финалы аясында көкшетаулық «Окжетпесті» өз алаңында қабылдамақ.

Одан кейін Бірінші-Лига ойындарының II турында, яғни, 17 сәуірде «Шахтер» өз алаңында «Екібастұзбен» кездесе, 23 сәуірде сырт алаңда «Арыс» клубымен ойнайды. Ал, 1 мамырда IV тур аясында жерлестер өз алаңында «Тобыл» командасын қабылдайды.

Айта кетейік, жерлестер бұған дейін Түркияда қатарынан үш оқу-жаттығу жиынын өткізген болатын.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор: Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары: Станислав Альбертович ПЕСНЕВ  
Директордың орынбасары: Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор: Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары: Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы: А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы: С.Б. ПИЯШ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күрәлі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131,  
БИК КСЗБЖЗКХ БИН 000840001412  
Таралымы 4 035  
№28 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРНАТ КЕНЕСБЕКҰЛЫ

QR code  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.